

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Зейнетақыны жоспарлау: сарапшылар кеңесі

"БЖЗК" АҚ сарапшылармен Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмысы мен дамуы туралы сұхбаттар топтамасын жаңартуда.

Бүгін БЖЗК/ЕНПФ YouTube-арнасында болашақ зейнетақы төлемдерін жоспарлау, оларды Зейнетақы калькуляторының көмегімен есептеу, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақыны ұлғайту, сондай-ақ дамыған елдердің тәжірибесі туралы Қор мамандары - "БЖЗК" АҚ Стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары Азат Сапин және "БЖЗК" АҚ Стратегия және талдау басқармасының бастығы Айжан Темірлан баяндайды.

Сұхбатты көру үшін <https://youtu.be/PTLbKdhs3X0> сілтемесіне өтіңіздер.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты да пайдалы ақпарат алу үшін БЖЗК/ЕНПФ YouTube-арнасына жазылыңыздар.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).